**Дүниежүзі қазақтарының V құрылтайына дайындық және оны өткізу мәселелері**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2017 жылғы 17 сәуірдегі № 44-ө өкімі

Астана қаласында 2017 жылғы 22-25 маусым аралығында Дүниежүзі қазақтарының V құрылтайын тиімді ұйымдастыру мен өткізуді қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қоса беріліп отырған:

1) Дүниежүзі қазақтарының V құрылтайына дайындық және оны өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамы;

2) Дүниежүзі қазақтарының V құрылтайына дайындық және оны өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Іс-шаралар жоспары) бекітілсін.

2. Мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдар (келісім бойынша) Іс-шаралар жоспарында көзделген іс-шаралардың тиісінше және уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Осы өкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігіне жүктелсін.

*Премьер-Министр* *Б. Сағынтаев*

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2017 жылғы 17 сәуірдегі
№ 44-ө өкімімен
бекітілген

## Дүниежүзі қазақтарының V құрылтайына дайындық және оны өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің
## ҚҰРАМЫ

| | | |
|---|---|---|
| Мамин Асқар Ұзақбайұлы | - | Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары, төраға |
| Мұхамедиұлы Арыстанбек | - | Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрі, төрағаның орынбасары |
| Асылов Қуаныш Жұмабекұлы | - | Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитетінің төрағасы, хатшы |
| Ұйымдастыру комитетінің мүшелері | | |
| Мыңбай Дархан Қамзабекұлы | - | Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Қазақстан халқы Ассамблеясы Хатшылығының меңгерушісі (келісім бойынша) |
| Қасымов Қалмұханбет Нұрмұханбетұлы | - | Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| Абаев Дәурен Әскербекұлы | - | Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрі |
| Біртанов Елжан Амантайұлы | - | Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі |
| Қасымбек Жеңіс Махмұдұлы | - | Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрі |
| Байбек Бауыржан Қыдырғалиұлы | - | Алматы қаласының әкімі |
| Исекешев Әсет Өрентайұлы | - | Астана қаласының әкімі |
| Бақтиярұлы Мұрат | - | Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты (келісім бойынша) |
| Ерғалиев Жабал Ерғалиұлы | - | Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты (келісім бойынша) |
| Смағұл Бақытбек | - | Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты (келісім бойынша) |
| Тілеухан Бекболат Қанайұлы | - | Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты (келісім бойынша) |
| Тілеуберді Мұхтар Бескенұлы | - | Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің бірінші орынбасары |
| Суханбердиева Эльмира Амангелдіқызы | - | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі |
| Нүкенов Абзал Нүкенұлы | - | Қазақстан Республикасының Дін істері және азаматтық қоғам вице-министрі |
| Нұрымбетов Біржан Бидайбекұлы | - | Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі |
| Мұқибек Ауыт | - | "Нұр Отан" партиясының орталық аппараты республикалық қоғамдық қабылдау бөлмесінің консультанты (келісім бойынша) |
| Шорманов Ербол Әлімқұлұлы | - | "Астана ЭКСПО-2017" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының басқарма төрағасының орынбасары (келісім бойынша) |
| Мамашев Талғат Асылұлы | - | Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы төрағасының бірінші орынбасары (келісім бойынша) |
| Сұлтанов Арман Тұрлыханұлы | - | "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының даму жөніндегі вице-президенті (келісім бойынша) |

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2017 жылғы 17 сәуірдегі

44-ө өкімімен
бекітілген

# Дүниежүзі қазақтарының V құрылтайына дайындық және оны өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары

| Р/с № | Іс-шараның атауы | Аяқтау нысаны | Орындауға жауаптылар | Орындау мерзімі | Болжамды шығыстар, мың теңге |
|---|---|---|---|---|---|
| 1. | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | 1. Ұйымдастырушылық-техникалық қамтамасыз ету | | | | |
| 1. | Дүниежүзі қазақтарының V құрылтайына дайындық және оны өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің отырыстарын дайындау және өткізу | хаттама | МСМ | 2017 жылғы 10 мамыр - 10 маусым | талап етілмейді |
| 2. | Құрылтайдың делегаттарын мемлекеттік органдарға бекіту ( қарсы алу, шығарып салу, бірге жүру) | қарсы алу, шығарып салу және бірге жүру кестелері | МСМ, Астана қаласының әкімдігі, мүдделі мемлекеттік органдар, ДҚҚ ( келісім бойынша) | 2017 жылғы 10 мамыр | талап етілмейді |
| 3. | Құрылтай делегаттарының тізімін жасау, шақыру қағаздарын жіберу, визалар ашу және жол шығынын төлеу | делегаттардың тізімі | МСМ, СІМ, ІІМ, ДҚҚ (келісім бойынша) | 2017 жылғы 10 мамыр - 10 маусым | 021 "Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту" республикалық бюджеттік бағдарламасы 55500,0 мың теңге |
| 4. | Залды жалға алу, жабдықтау ( байланыс қызметтерін, коммуналдық төлемдерді төлеу және т.б.) кеңсе тауарларымен қамтамасыз ету, бейне және суретке түсіру, құрылтайдың кәдесыйларына логотиптер жасау | орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің актілері | МСМ, ДҚҚ ( келісім бойынша) | 2017 жылғы 20 - 28 маусым | 021 республикалық бюджеттік бағдарлама 10661,0 мың теңге |
| 5. | Құрылтайға қатысушылар үшін үлестіру материалдарын дайындау (шақыру билеттері, конверттер, бейдждер, бағдарламалар және т.б. ) | таратылатын материалдар пакеті | МСМ, ДҚҚ ( келісім бойынша) | 2017 жылғы 20 мамыр - 20 маусым | 021 республикалық бюджеттік бағдарлама 1420,0 мың теңге |
| | Құрылтай делегаттарының теміржол көлігімен Алматы - | | | | 021 республикалық бюджеттік |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 6. | Астана-Алматы бағыты бойынша жол жүруін қамтамасыз ету | жол жүруін ұйымдастыру | МСМ, ДҚҚ ( келісім бойынша) | 2017 жылғы 20 -28 маусым | бағдарлама 6000,0 мың теңге |
| 7. | Құрылтайға қатысушылар үшін естелік кәдесыйлар (футболка, бейсболкалар және т.б.) дайындау | тізім бойынша кәдесыйлар | МСМ, ДҚҚ ( келісім бойынша) | 2017 жылғы 20 мамыр | 0 2 1 республикалық бюджеттік бағдарлама 9167,0 мың теңге |
| 8. | Қаланың құрылтай өтетін жерлерін , әуежайды және қатысушылар мен қонақтар жүретін бағыттарды безендіру | билбордтар, ұрандар мен пилоналар орналастыру | Астана қаласының әкімдігі | 2017 жылғы маусым | талап етілмейді |
| 9. | Құрылтай өткізілетін жерлерде медициналық көмекті ұйымдастыру | медициналық көмек пункттері | Астана қаласының әкімдігі, ДСМ | 2017 жылғы 22 -25 маусым | талап етілмейді |
| 10. | Құрылтай өткізу кезеңінде қатысушылардың қауіпсіздігін және қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету | құрылтай өтетін орындардағы кезекшілік | ІІМ | 2017 жылғы 22 -25 маусым | талап етілмейді |
| 11. | Құрылтай делегаттарын қарсы алу, шығарып салу және бірге жүруді ( кестеге сәйкес), қонақ үйлерге орналастыруды, тамақтандыруды, сондай-ақ көлікпен қызмет көрсетуді ұйымдастыру | МСМ-ға ақпарат | МСМ, Астана қаласының әкімдігі, мүдделі мемлекеттік органдар, ДҚҚ ( келісім бойынша) | 2017 жылғы 20 -28 маусым | 0 2 1 республикалық бюджеттік бағдарлама 68298,0 мың теңге |
| 2. Дүниежүзі қазақтарының V құрылтайын өткізу | | | | | |
| 12. | Құрылтай делегаттары үшін Астананың мәдени-тарихи орындарына экскурсиялар ұйымдастыру | экскурсия | МСМ, ДҚҚ ( келісім бойынша) | 2017 жылғы 22 маусым | 0 2 1 республикалық бюджеттік бағдарлама 5928,0 мың теңге |
| 13. | "Этно-ауыл" кешеніне баруды ұйымдастыру ("ЭКСПО-2017" көрмесі аясында) | кешенге бару | ДҚҚ (келісім бойынша) | 2017 жылғы 22 маусым | талап етілмейді |
| 14. | "Астана-Опера" опера және балет театрында қатысушыларға опера көрсетуді ұйымдастыру | опера көрсетілімі | МСМ, ДҚҚ ( келісім бойынша) | 2017 жылғы 22 маусым | талап етілмейді |
| 15. | "Қазақ елі" монументіне салтанатты түрде гүл шоқтарын қоюды ұйымдастыру | гүл шоқтарын қою | МСМ, Астана қаласының әкімдігі, ДҚҚ( келісім бойынша) | 2017 жылғы 23 маусым | талап етілмейді |
| 16. | Дүниежүзі қазақтарының V құрылтайының салтанатты ашылуын ұйымдастыру | ашылу рәсімі | МСМ,ДҚҚ ( келісім бойынша) | 2017 жылғы 23 маусым | талап етілмейді |
| 17. | "ЭКСПО-2017" халықаралық көрмесіне баруды ұйымдастыру | көрмеге бару | Астана қаласының әкімдігі, "Астана-ЭКСПО-2017" ҰК" АҚ, (келісім | 2017 жылғы 24 маусым | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | бойынша) ДҚҚ ( келісім бойынша) | | т а л а п етілмейді |
| 18. | Қазақстан Республикасы Президентінің атынан салтанатты қабылдауды ұйымдастыру | салтанатты қабылдау | ПІБ (келісім бойынша), МСМ, ДҚҚ (келісім бойынша) | 2017 жылғы 23 маусым | т а л а п етілмейді |
| 19. | \| Құрылтай делегаттарының қатысуымен дөңгелек үстелдер ұйымдастыру | дөңгелек үстелдер ұйымдастыру | АКМ, ДІАҚМ, БҒМ, ІІМ, Еңбекмині, АШМ , ИДМ, ДҚҚ ( келісім бойынша) | 2017 жылғы 24 маусым | т а л а п етілмейді |
| 20. | "Х.Алтай және қайта оралған тарих" атты халықаралық конференция ұйымдастыру | халықаралық конференция ұйымдастыру | МСМ, ДҚҚ ( келісім бойынша) | 2017 жылғы 24 маусым | т а л а п етілмейді |
| 3. Ақпараттық қамтамасыз ету | | | | | |
| 21. | Қолданыстағы бағдарламалар аясында құрылтай делегаттарымен сұхбат ұйымдастыру | телебағдарлама | АКМ, МСМ, ДҚҚ (келісім бойынша ) | 2017 жылғы 24 маусым | т а л а п етілмейді |
| 22. | Ақпараттық материалдар ( билбордтар, жарнамалық бейнероликтер, баспасөз хабарламалар және ілеспе аударманы ұйымдастыру) дайындау | Ақпараттық материалдар дайындау | МСМ, ДҚҚ ( келісім бойынша) | 2017 жылғы мамыр-маусым | 0 2 1 республикалық бюджеттік бағдарлама 3000,0 мың теңге |
| 23. | Қазақстандық БАҚ-та іс-шараларды ақпараттық сүйемелдеуді қамтамасыз ету | БАҚ-та ақпарат орналастыру | АКМ | 2017 жылғы 20 -28 маусым | т а л а п етілмейді |
| 24. | Дүниежүзі қазақтарының V құрылтайын өткізу туралы қорытынды ақпарат | МСМ-ға ақпарат | АКМ, ІІМ, ДІАҚМ, ИДМ, СІМ, ДСМ, БҒМ, Еңбекмині АШМ, ПІБ (келісім бойынша), ДҚҚ ( келісім бойынша) | 2017 жылғы 28 маусым | т а л а п етілмейді |
| | | | | | Барлығы: республикалық бюджеттен 159 974,0 мың теңге |

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

АКМ - Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі

МСМ - Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі

ІІМ - Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі

ДІАҚМ - Қазақстан Республикасының Дін істері және азаматтық қоғам министрлігі

ИДМ - Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі

СІМ - Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі

ДСМ - Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі

Еңбекмині - Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

АШМ - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі

БҒМ - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

ПІБ - Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы

ДҚҚ - Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы

"Астана-ЭКСПО-2017" ҰК" АҚ - "Астана-ЭКСПО-2017" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК